

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2940 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 1361 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 12.08.2010 № 1037 Жарлығымен.

Қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды іске асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2940 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 14, 109-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен уағдаластықтарын" деген сөздерден кейін, тақырыптағы және 1 мен 2-тармақтардағы "уағдаластықтарды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін" деген сөздермен толықтырылсын;

1 және 2-тармақтардағы "іске асырудың тәртібі жөніндегі Ереже" деген сөздер "іске асыру ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын, "Ережеде белгіленген" деген сөздер өзгеріссіз қалдырылсын;

2 және 3-тармақтардағы ", мемлекеттік комитеттері" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақ "мемлекеттік органдар" деген сөзден кейін "және бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігінің тең төрағалары" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "мемлекеттік органдардың басшылары" деген сөздерден кейін "және бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігінің тең төрағалары" деген сөздермен толықтырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды іске асыру тәртібі

т у р а л ы

е р е ж е д е :

та қ ы р ы п т а

ж ә н е

1 - т а р м а қ т а :

"тәртібі туралы Ереже" деген сөздер "ережесі" деген сөзбен ауыстырылсын, "Осы Ереже" деген сөздер өзгеріссіз қалдырылсын;

"уағдаластықтарды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. "Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдері" (бұдан әрі - халықаралық ұйымдардың шешімдері) деген ұғыммен халықаралық ұйымдар органдарының олардың жарғылық құжаттарында көзделген тәртіппен қабылдаған шешімдері түсіндіріледі";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шарттарда және уағдаластықтарда, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерінде айқындалған мәселелер өздерінің құзіретіне енетін Қазақстан Республикасының министрліктері мен өзге де орталық атқарушы органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының органдары) және бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігінің тең төрағалары аталған шарттар мен қол жеткізілген уағдаластықтар, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдері бойынша Қазақстан тарапы қабылдаған міндеттемелердің орындалуын тікелей қамтамасыз етеді. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының органдары белгіленген уағдаластықтар, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдері бар шарттың немесе құжаттың мәтінін алғаннан кейін екі апта мерзімде солар бойынша қабылданған міндеттемелерді орындау жөнінде нақты іс-шаралар әзірлейді және оларды іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і .

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының мүдделі органдарының ұсыныстарын қорытындылауды қамтамасыз етеді, екі апта мерзімде нақты мерзімдер мен тікелей орындаушыларды көрсете отырып, жасалған шарттарды, қол жеткізілген уағдаластықтарды, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерін іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне енгізеді";

6-тармақ алынып тасталсын;

7-тармақтағы "Үкіметінің қаулысымен" деген сөздер "Премьер-Министрінің өкімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

8, 10, 11, 12-тармақтардағы "қол жеткен уағдаластықтарды", "уағдаластықтарды", "қол жеткен уағдаластықтардың", "қол жеткен

уағдаластықтарын" деген сөздерден кейін тиісінше ", сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерін", ", сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерінің " деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігі өз жұмысында "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) қазақстандық бөлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 желтоқсандағы N 1304 қаулысымен бекітілген Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) қазақстандық бөлігі туралы ережені басшылыққа алады".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті